

## Коммуналдық меншік объектілерінің тізбесі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 5 ақпан N 157

Қазақстан Республикасында 1996-1998 жылдарға арналған Мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен қайта құрылымдау бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің облыстар мен Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп ұсынған коммуналдық меншік объектілерінің тізбесіне келісім берілсін және облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Заң күші бар Жарлығының 2-бабына сәйкес оны бекіту ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті заңмен белгіленген тәртіпте:

облыстар мен Алматы қаласы әкімдеріне коммуналдық меншікке жатқызылған объектілерді беруді қамтамасыз етсін;

республикалық мемлекеттік кәсіпорындар, коммуналдық меншік объектілері мен жекешелендіруге жатқызылмаған объектілер тізбелеріне енгізілмеген объектілердің кімге тиесілі екендігін айқындасын.

3. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері жекешелендірілуге тиісті, коммуналдық меншік объектілерін сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның аумақтық органдарына беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жүктелсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*